

ӘОЖ 34.07; 347.96

Ж.М. Бегалиева

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты, Қазақстан, Шымкент қ.
E-mail: b_jazi@mail.ru

Ішкі істер органдарының қызметі барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асырудың кейбір мәселелері

Аңдатпа. Бұл мақалада ішкі істер органдарының үлгісінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызмет етуімен бірге азаматтардың бостандығы мен құқығына қатысты жеке сұрақтар қарастырылады.

Автор өз сұрақтарына шешім шығарып, полиция органдарының әкімшілік қызметінің ерекшелігіне байланысты, сонымен бірге қолданбалы және теориялық аспектіге азаматтардың бостандығы мен құқығын қорғау кепілдігін баяндайды.

Түйін сөздер: полиция ішкі істер органдарының, азаматтардың бостандығы мен құқығы.

Ел Президентінің «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында заңның абсолюттік жоғарылығын бекіту мен заңға мойынұсынған азаматтарды қорғаудың қажеттігі көрсетіледі [1]. ҚР Конституциясының 1-бабына сәйкес адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылады, ал олардың қорғалуы мемлекетке жүктеледі.

Ал мемлекеттік басқару органдары, соның ішінде ішкі істер (полиция) органдары, мемлекеттік аппараттың үлкен және күшті бөлігі болып табылатын мемлекеттік әкімшіліктің негізін құрайды. Мемлекеттік әкімшілік күнделікті басқаруда болып жатқан үлкен бюджеттік, табиғи және мемлекеттің басқа да ресурстарына билік етуді жүзеге асырады. Сондықтан да көп жағдайда мемлекеттік басқару тиімділігінің дәрежесіне жалпы мемлекет қызметінің тиімділігі тәуелді болады. Осыған байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мемлекеттік басқарумен тығыз байланысты болып келеді.

Ішкі істер органдарының басты міндеттері қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке адамға,

меншікке қарсы қылмыстарға және басқа да жалпы қылмыстарға қарсы күрес болып табылады. Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, еліміздегі қылмыстың жай-күйі мен криминогендік жағдайдың деңгейі ішкі істер органдары қызметінің тиімділігіне байланысты, сондықтан ішкі істер органдарын жетілдіру процесі қылмыстық көріністер мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда олардың жылдам әрі сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс.

Бүгінде еліміз басынан кешіріп отырған қоғамдық қатынастарды реформалау кезеңі қалыпты тұрмыс салтының сан түрлі құбылуымен ерекшеленеді. Жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық қайта құрулар полицияның елдегі құқықтық тәртіпті сақтаудағы орны мен рөлінің де өзгеріске түсіп отырғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдай азаматтардың жеке басының және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары бойынша жаңа тұжырымдамалық көзқарастар қалыптастыруға, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін жетілдірудің жаңа жолдарын іздестіруге себепші болып отыр.

Полицияның күнделікті қызметінде құқықты жүзеге асыру мемлекеттік басқарудың

барысында қоғам мүшелері мен мемлекет арасында құқық нормаларында көзделген әртүрлі әкімшілік құқық қатынастарын қалыптастыру арқылы іске асырылады. Демек, осы саладағы мемлекеттік басқару ісі негізінен биліктілікпен және міндеттілікпен сипатталатын әкімшілік қызмет арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты полицияның құқықтық қатынастарына талдау жасау Ішкі істер органдарының жүзеге асыратын әкімшілік қызмет пен олардың басқару үдерістерінің мән-мағынасының «ішіне енудің» және түсінудің негізгі алғышарты болып табылады. Осындай талдаудың арқасында біз бұл мәселелердің қалай реттелетінін, жүйеленетінін, тиімді де ұтымды етілетінін тәжірибелік жағынан байқап білеміз. Сондай-ақ оларды бүгінгі күннің талабы, жаңа теориялық көзқарас тұрғысынан ғылыми түрде ұғынуымыз қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселе болып отырғандығын айтып өтуіміз керек.

Сөз басында конституциялық механизмдегі адам құқықтарын қорғау мен оларды қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының орны мен рөлін талқылағанға дейін басқару түсінігін қысқаша қарастырып өтейік.

Ғылымға басқарудың үш түрі белгілі: технологиялық, биологиялық және әлеуметтік басқару. Егер басқарудың аталған үшінші түріне тоқталатын болсақ, қоғамдағы басқару, яғни әлеуметтік басқару кең мағынада адамды адамның басқаруы болып саналады. А.П. Алехиннің, А. Кармолицкийдің және Ю.М. Козловтың пікірінше, әлеуметтік басқару ол кибернетика зерттейтін жалпы басқарудың түрлерінің біріне жатады [2].

Ал Ішкі істер органдары атқаратын қызмет барысында туындайтын басқару қатынастары жалпы әлеуметтік басқару түрлерінің біріне және құқық қорғау қызметі аясындағы басқаруға жатады. Г.А. Тумановтың көзқарасы бойынша, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы басқару «бір деңгейден басқасына ауыстыру мақсатындағы немесе оған жаңа сапалар мен қасиеттерді беретін әлеуметтік басқару жүйесіне саналы және еркін түрде әсер ету» [3]. Көптеген басқа авторлар өз көзқарастарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы басқаруды «адамдардың қандай да бір әлеуметтік жүйеге (объект, процесс, құбылыс) әсер етуге талпынатын, оның қасиетін қажетті бағытқа сәйкес өзгертуге тырысатын және сол ортада әрекет

ететін заңнамаларға сәйкес келетін мақсатты қызмет» ретінде көрсетеді [4].

Ішкі істер органдарының құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі функционалдық әлеуетін қарастыратын болсақ, ол ең алдымен, осы органдардың өкілеттілігі мен қызмет бабына, сонымен бірге олардың мақсаттарына және міндеттеріне байланысты болып келеді. Осыған байланысты осы жерден әрі қарай ішкі істер органдарының міндеттерін, олардың азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мәселелерін полицияның Қазақстан халқына ең жақын тұрған әрі ең көп сарбазы бар бөлігі – Әкімшілік полициясының қызметін талдай отырып көрейік.

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 4-2 бабына сәйкес әкімшілік полицияның негізгі міндеттері болып қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Осы міндеттерді орындау сақшылық қызмет, учаскелік инспекторлар мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері сияқты Әкімшілік полицияның бөлімдеріне жүктелген.

Аталған полиция бөлімшелерінің қызметі барысында қалыптасатын әкімшілік құқық қатынастары олардың заңдық мазмұнына қатысты бірнеше ерекше белгілерге ие. Біріншіден, мұндай құқық қатынастары мемлекеттік басқарудың ерекше саласында пай-

да болады. Олардың объектісінің ерекшелігі ішкі істер органдарының құзыретіне, сондай-ақ олардың қызметінің нысандары мен әдістеріне байланысты. Әкімшілік құқық қатынастары субъектілерінің бірі болатын полиция бөлімдері, бір жағынан, жазалаушы органдар есебінде көрінсе, екінші жағынан, әлеуметтік қызмет көрсету функциясын тікелей іске асырушы орган ретінде де көрінеді, яғни полиция қызметкерлерінің жұмысы ел тұрғындарының жағдайымен тығыз байланыста болады. Сондықтан полиция қызметкерлері тұрғындар мен полиция арасында қалыптасатын құқық қатынастарының құралы ретінде қызмет атқаруы мүмкін.

Екіншіден, әкімшілік функцияларды орындауды жүзеге асыратын полиция бөлімшелері қызметінің құқықтық негіздерін талдай келе, олардың қызметінің құқықтық реттелуі аса ауқымды деген қорытындыға келеміз. Полиция өзінің әкімшілік қызметінде еліміздің Конституциясын, заңдарын, Президенттің жарлықтары мен өкімдерін, Үкіметтің қаулылары мен өкімдерін, жергілікті атқарушы және өкілдік органдардың нормативтік-құқықтық актілерін, Ішкі істер министрлігінің және тағы басқа мекемелердің актілерін, полиция органдары кейбір қызметтерінің ережелері мен нұсқаулықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерін басшылыққа алады.

Әкімшілік полициясы бөлімдерінің барлығына қатысы бар тағы бір ерекшелігі олардың міндеттерінің көп болуы, яғни көпміндеттілік сияқты айрықша белгісі көрінеді.

Мәселен, учаскелік инспекторлар қызметін алайық. Қазіргі уақытта ішкі істер органдарының міндеттерінің ішінде учаскелік инспекторлардың орындалмайтыны жоққа тән. Олар:

– қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар жасауы мүмкін адамдарды анықтауға және оларға қатысты алдын алу жұмысын жүзеге асыруға;

– алдын алу ықпалына жататын адамдарға картотекалық есеп жүргізуге;

– қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге, олардың жасалу себептері мен жағдайларын айқындауға;

– тиісті ішкі істер органдарының бастығына және кезекшіге учаскедегі оперативтік жағдайдың өзгеруі туралы баяндауға; қоғамдық тәртіп

сақтауға қатысушы күштер мен құралдарды мейлінше мақсатқа сай дұрыс орналастыру мен пайдалану туралы ұсыныстар енгізуге;

– заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алуға, олардың жасалу жағдайлары мен себептерін жоюға бағытталған нұсқаулар мен ұсыныстар жасауға;

– берілген өкілеттіктер шегінде жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруға, қылмыс жасап, тергеуден және соттан жасырынған адамдарды, сондай-ақ белгіленген тәртіппен іздестірілетін басқа да адамдарды іздеуде жәрдем көрсетуге;

– берілген өкілеттіктер шегінде алдын ала тексеруді жүзеге асыруға;

– берілген өкілеттіктер шегінде әкімшілік хаттамалар жасауға және әкімшілік шаралар қолдануға;

– азаматтарға, лауазымды тұлғаларға, меншік нысанына қарамастан ұйымдарға және қоғамдық бірлестіктерге олардың құқықтар мен заңды мүдделерін қорғауға көмек көрсетуге міндетті [5].

Сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметін реттейтін жаңа нормативтік актілер шыққан сайын учаскелік инспекторлардың міндеттері толықтырылып отыратынын да ескерген жөн.

Учаскелік полиция инспекторының жұмысы полиция қызметінің ішіндегі жауаптысы болып табылады. Халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін учаскелік полиция инспекторы – әртүрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша Ішкі істер органдарындағы басты тұлға [6]. Полицияның учаскелік инспекторларын қоғамдық қауіпсіздіктің тірегі деп атайды. «Инспектор ол сегіз қырлы: бір тұлғада болатын жедел іздестіруші де, тергеуші де, патрульдік полиция да және басып алушы да болып саналады. Онсыз қылмыстық іздестіру жұмысы алға жылжымайды. Ауылдардағы ұрлықты учаскелік полиция қызметкерінің қатысуынсыз ашу – уақытты пайдасыз сарп ету. Бұл жерде ол – қылмыскерлер үшін қауіп», – дейді В. Васильченко [7].

Міне, осы жағдайларды ескере отырып, полицияның учаскелік инспекторларына бүгінгі күні үлкен көңіл бөлінуде. Осыған қарамастан учаскелік полиция инспекторлары ішкі істер органдарының жай ғана қатардағы қызметкері болып қала береді. Сондықтан оның қызметі мен

мәртебесіне байланысты туындайтын бірнеше мәселелерге тоқталып өтейік.

Ел Конституциясы бойынша мемлекеттік биліктің негізі болып табылатын Қазақстан халқы учаскелік полиция инспекторынан жазалаушы күшті емес, керісінше, көмекші мен қорғаушы адамды көргісі келеді. Әрбір әкімшілік аумақтардың тұрғындары өздерінің учаскелік полиция инспекторларын танып білуге, оларға сенім арттырып, олардың жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндіктері болу керек. Сол себепті олармен жүргізілетін алдын алу жұмыстары тек өз әкімшілік учаскесіндегі барлық тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста өтетіндігін ескеру қажет.

Біздің ішкі істер органдарының жалпы қызметіне байланысты біз жүргізген әлеуметтанымдық зерттеуіміз көрсеткендей, полиция қызметкерлері өздеріне деген халықтың көзқарасын онша биік бағаламайды: сұралған полиция қызметкерлерінің тек 10%-ы ғана халық полицияға дұрыс қарайды деп санайды, ал олардың шамамен 39%-ы бұл қатынас жағымсыз немесе жағымдыдан гөрі жағымсызға жақындау деп есептейді.

Халықтың полицияға басқаша қарауы мүмкін емес, өйткені сұралған азаматтардың 61% астамы өздерінің полицияға шағымдануының қорытындысына толықтай немесе ішінара қанағаттанбаған. Мұны олар мынадай себептермен байланыстырады: мәселенің түпкілікті шешілмеуі (41%), мәселені шешудегі сөзбұйдалыққа салу (35%), мәселені шешуден орынсыз бас тарту (17%), сұраншақтық, парақорлық (4%).

Сондықтан бүгінгі қазақстандық полицияның қызметі тиімді мемлекеттік билікті қалыптастыруға өз жәрдемін жеткілікті дәрежеде тигізіп отыр деуге негіз жоқ. Себебі, біріншіден, полицияның халықтың алдындағы жағымсыз бейнесі, жалпы алғанда, билік органдарының ешбіріне бедел алып бермейді; екіншіден, олардың жұмысының тиімділігі қазақстандықтардың көңіліне билік органдары өздерін өктемшіліктен, заңсыздық пен қылмыстылықтан қорғайды деген сенім ұялатпайды.

Бұл айтылғандардың дәлелі ретінде мынадай айғақтарды келтіруге болады. 2007 жылдың алғашқы 9 айының өзінде республиканың ішкі істер органдарында 399030 өтініш, ал олардың жалпы саны:

– 147552-сі көші-қон полициясы мәселелері бойынша;

– 35693-і азаматтардың заңсыз әрекеттері туралы;

– 27369-ы рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша;

– 25594-і жол полициясы мәселелері бойынша;

– 10014-і кадр мәселелері бойынша;

– 1192-сі зейнетақымен қамтамасыз ету және қаржыландырудың басқа да мәселелері бойынша тіркелген.

Алайда осы өтініштерді қарауда және шешім қабылдауда жіберілетін кемшіліктердің анықтығы соншалықты, кейбір азаматтардың өздерінің кепілденген құқықтары мен бостандықтарын қорғауды іздеген шағымдарын Үкіметке, Президент әкімшілігіне, Парламентке жолдауы осы күнге дейін толастамай отыр.

Келтірілген фактілер мен сандар бүгінгі күні полиция органдарының негізгі мақсаты қандай, оларда ұйымдық-құрылымдық жаңарту процестері қалай және қай бағытта жүргізілуі керек деген өзекті сұрақтарды туындатады. Біздің ойымызша, Қазақстан полициясының қазіргі таңдағы ең негізгі міндеті болып, оның халық алдында әлсіреген, тіпті, кейбір мәселелер төңірегінде жоғалтылған, сенімді қайтару табылады.

Ал учаскелік полиция инспекторларының қызметіне байланысты 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің халық арасында жүргізген сауалнамасының нәтижелері де көңіл қуантарлық емес. Сауалнаманы жүргізу барысында оған жауап берушілердің 30%-ы полиция қызметкерлерінің талап етушілігі мен 24,6%-ы олардың қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болуы учаскелік полиция инспекторы қызметінің тиімділігін көтерудің маңызды аспектісі деп санайтындығын, сонымен қатар 42,6 % және 25,7%-ы олардың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуы әлсіз дейді. Және де олардың қызметінде нақтылық пен жеделдігінің жетіспеушілігі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы учаскелік полиция инспекторы қызметінің басты кемшілігі деп санайды [8].

Осыдан көріп отырғанымыздай, учаскелік инспекторлар қызметінің әлеуеті, халық алдындағы абыройы әлі де болса төмендеу. Кеңестік

дәуірден бері «милиционерден алысырақ ұстану керек» пікір қалыптасқан. Мұндай әділетсіздеу ойды тарқату тек қана білімді, ынталы және белсенді қызметкерлердің қолынан келеді. Егер бұрын полиция органдарында жалпы мамандар қажет болған болса, қазір профессионал мамандар қажет. Учаскелік инспектор тұрғындармен дұрыс қарым-қатынаста бола білуі, сонымен қатар өзекті мәселелерді тауып, тұрғындардың сұрақтарына нақты және дұрыс жауап бере алу керек. Ол үшін білім деңгейі жоғары және қазіргі заңдардан хабардар болуы қажет. Себебі қазіргі жас мамандар көбінесе осындай мәселелермен қақтығысуда.

Соңғы кезде полицияның барлық учаскелік инспекторлары, өздерінің жұмыс стажына қарамастан, Ішкі істер министрлігіне қарасты барлық полиция қызметкерлері сияқты аттестациядан өтті. Өткізілген аттестацияның қорытындысы Ішкі істер министрлігі мен оның қызметкерлері үшін оңай болмады. Республика бойынша 3900 полиция қызметкері жұмыстан босатылса, 10700 қызметкер істеп жатқан қызметіне лайықты емес деген қорытынды шығарылды. Одан бөлек аттестация өтуден бас тартып, өз еркімен жұмыстан босағандар саны 2000 адамға жуық.

Осылардың ішінде полицияның учаскелік инспекторлары да жеткілікті. Бұдан шығатын қорытынды: әлі де болса полиция қызметкерлерінің көбісінің білім деңгейі, олардың біліктілігі мен дене дайындығы өз міндеттерін жоғары деңгейде атқаруға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жеткілікті дәрежеде қорғауға жеткіліксіз болып отыр. Демек, алда осы олқылықтарды азайту жолында көп еңбек ету керек.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу аясында учаскелік полиция инспекторлары қызметінің нормативтік шаралары туралы айтатын болсақ, мұндағы туындайтын ең басты мәселе бүгінгі күндегі құқықтық нормалардың жүзеге асырылуы. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына және азаматтарға «Нормативтік құқық қорғау актілері туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелерін кең көлемде түсіндіру қажет. Себебі тәжірибеде заңдарға қарағанда заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін қолдану үлкен басымдылыққа ие болып отыр. Бұған қоса, құқық нормаларын жүзеге асы-

рушы тұлға (әсіресе ішкі істер органдарының субъектілері) «нормативтік-құқықтық актілер сатысы», «негізгі және туынды нормативтік-құқықтық актісі», «заңнамалық актілер», «заңға тәуелді актілер» және басқа да түсініктерді міндетті түрде айыра білу қажет. Яғни барлық мемлекеттік аппараттың алдын алу қызметінің тиімділігі әр лауазымды тұлғаның өз міндеттерін толық кәсіби дәрежеде орындауына тәуелді болып келеді.

Көріп отырғанымыздай, құқықтық жүйенің әрі қарай дамуы ғана емес, сонымен қатар барлық деңгейдегі құқықтық нормаларының жүзеге асырылу механизмін жетілдіру ерекше маңызға ие. Ал бұл, біріншіден, учаскелік полиция инспекторының құқық бұзушылықтың алдын алу қызметіне, екіншіден, жасалып жатқан құқық бұзушылықтардың себептеріне нақты әсер етуі тиіс. Мұндай жетістікке жету үшін учаскелік полиция инспекторының құқықтық және әлеуметтік мәртебесі тұжырымдамалық негізде өзгеруі керек.

Біздің ойымызша, учаскелік полиция инспекторлардың мәртебесін көтеру, материалдық базасын бекіту, сонымен қатар қажетті техникалық қамсыздандыру профессионалды қызметті құруға себеп болады. Сонымен бірге қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану учаскелік полиция инспекторлары қызметінің әлеуетін толық көлемде ашуға мүмкіндік береді.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Осы 2013 жылдан бастап арнайы атақтар үшін төленетін қосымша ақы мөлшерін әскери атақтар бойынша төленетін жалақы деңгейіне дейін көтеруді тапсырамын», – деді [9]. Демек, полиция қызметкерлерінің арнаулы атақтары үшін берілетін төлемдердің мөлшері бірнеше есе (он есеге дейін) көтерілетінін атап көрсетті. Біз полиция қызметінің дәреже-деңгейін, олардың қызметкерлерінің жұмысқа деген ынта-жігерін көтеретін мемлекет тарапынан істелініп жатқан мұндай шараларды құптаймыз. Бұл шаралар саны жағынан ең көп және көп функциялы мемлекеттік орган болып табылатын ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа да үлкен соққы болады деп ойлаймыз.

Ішкі істер органдарына адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

мақсатында әртүрлі сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану билік өкілеттіктері берілген. ПО қызметкерлерінің осындай өкілеттіктері олардан осы өкілеттіктерді заң негізінде дұрыс пайдалануды талап етеді. Бұлай болмаған жағдайда бұл өкілеттіктерді пайдалану азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтарының орындалуына кері әсер етуі, тіпті, адамды өмір сүру құқықтарынан айыруы мүмкін. Сондықтан әкімшілік мәжбүрлеу шаралары нақты құқықтық реттеу негізінде қатаң заңға сәйкес қолданылуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында полиция мен халық арасындағы өзара іс-қимылдар жалпы мемлекеттік сипатқа ие. Сол себепті бірінші кезекте полиция қызметкерлерінің құқықтық мәдениеті мен біліктілігін көтеру өте маңызды. Бұл өз кезегінде полиция мамандығының абыройын көтеріп, азаматтардың алдында полиция қызметкері беделінің дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді.

Ішкі істер органдары үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету олардың тікелей міндеті мен мақсаты болып келеді. Полиция органдары күштеу органдары болғандықтан олардың қызметтік міндеттерін дұрыс қолданбауы адамның құқықтары мен бостандықтарының елеулі бұзылуына әкеліп соқтырады. Сондықтан заңдар мен заңға тәуелді нормативті актілерде полиция қызметіне байланысты қатаң талаптар мен шектеулер қойылуы тиіс.

Біздің көзқарасымыз бойынша, заңнамада ішкі істер органдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі туралы мәселелер егжей-тегжейлі реттелуі қажет. Ал ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын тұлғаларға қатаң талаптар қойылуы тиіс. Осыған байланысты кейбір ғалымдар полиграфты қолдану, қызметке қабылданатын тұлғалардың психологиялық дайындығына назар аудару сияқты ұсыныстарды енгізуде.

Сонымен қатар полиция қызметкерлерінің жауапкершілігін белгілер алдында, олардың заңды міндеттерінің қаншалықты нақтылығын, анықтылығын, сипаттамасын, сондай-ақ құқықтық шектеулердің міндеттілік шегін анықтап алудың маңызы айрықша зор. Бұл «болып қойған» және «болуы керек» деген категориялардың

арасындағы қарама-қайшылықты дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан сарбазы. – 1997. – 4 қараша.

2 Кармолицкий А., Алехин А., Козлов Ю. Административное право РФ. – М., 1997. – 362 б.

3 Туманов Г.А. Организация управления в сфере охраны общественного порядка. – М., 1972. – 35 б.

4 Основы научной организации управления и труда в органах внутренних дел: учебно-метод. пос. для слушателей-заочников вузов МВД СССР // Под ред. проф. Г.Г. Зуйкова. – М., 1973. – 7 б.

5 Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыру туралы: ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 1598 қаулысы // ҚР Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығының «Заң» мәліметтер қоры.

6 Турисбеков З.К. О проблемах профилактики преступности Республики Казахстан // Предупреждение преступности – важнейшая часть государственной политики: проблемы, решения, перспективы: Материалы Международной межведомственной научно-практической конференции. – Алматы: Академия МВД Республики Казахстан, 2004. – 4 б.

7 Васильченко В. Универсальный полицейский // Каз. правда. – 2 февраля 2004 г.

8 Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің 79 парақтағы хаты, қосымшасымен бірге № 5/2 – 47 – 1525, 12 05 2011 ж. («Учаскелік полиция инспекторларының қызметіндегі құқық бұзушылықтардың алдын алу» зерттеу тақырыбы бойынша 2009-2010 жж. арналған аналитикалық анықтамалар, есептер, статистикалық мәліметтер және өзге де материалдар).

9 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»: Республика Президентінің Қазақстан

халқына Жолдауы // Панорама Шымкента – 2012. – 21 желтоқсан.

References

1 Nazarbayev N.Ә. Kazakhstan – 2030. Barlyқ kazaқstandyqtardyң өsip-örkendeui, қаuiпsizdigі zhane әl-auқatynyң Atrebatensem: Respublica Kazakhstan Prezidentiniң halkyna Zholdauy // Kazakhstan Sarbazy. – 1997. – 4 қараша.

2 Karmolitsky A. Alekhine Alexander Kozlov, Yu administrativus legis Russian Foederatio. – M., 1997. – 362 b.

3 Nebulae GA Management organizatione in agro ordini publico. – M., 1972. – 35 b.

4 Per scientific procuratio et labor in vigilum: Training methodo. pos. quia extra muralis alumni universitatibus de USSR Ministry interioris Negotiis // Ed. habet a. GG Zuikova. – M., 1973. – 7 b.

5 Ishki ister organdarynyң uchaskelik vigilum inspektorlarynyң қоғамдық тәртіptі saқтаудағы zhane қоғамдық қаuiпsizdikті қамтамасыз etudegi рөlin arttyru туралы: ҚР Үkimetiniң 1996 zhылғы 24 zheltоқсандағы қаулысы № 1598 // ҚР

Adilet ministrliги Respublikalyқ құқықтық ақпарат орталығыnyң “Zan” мәlimetter қору.

6 Turisbekov ZK Sc problems sceleris praeventionis Republica, de Kazakhstan // Sceleri praeventionis – potissima ejus pars gubernationis tentabat: problems, solutiones, perspectivae: Acta Internationalis interagency scientific colloquium. – Almaty: Academy of Ministerio Interior de Republica, de Kazakhstan, 204. – 4 b.

7 Vasilchenko V. Universal LICTOR. // Kaz. vera. – February 2, 2004.

8 Kazakhstan Respublikasy IIM Әkimshilik vigilum komitetiniң LXXIX paraқтағы casa қосымshasyмен birge № 5/2–47-1525, May 12, 2011 («Uchaskelik vigilum inspektorlarynyң қызметindeгі құқық бұзшылықтарды Aldyn alu» zertteu takyryby бойынша 2009-2010 Ij. Arnalған analitikalyқ anyқтамalar, esepтер, statistikalық мәlimetter zhane өзge de Materialdary).

9 Nazarbayev N.Ә. “Kazakhstan – 2050” Strategiyasy – қалыптасқан мемлекеттің Zhana sayasi бағыты: Respublica Kazakhstan Prezidentiniң halkyna Zholdauy // Panorama Shymkent – 2012. – 21 zheltоқсан.

Ж.М. Бегалиева

Некоторые вопросы обеспечения прав и свобод граждан органов внутренних дел при осуществление работы органов внутренних дел

В данной статье на примере работы органов внутренних дел рассматриваются отдельные вопросы обеспечения прав и свобод граждан при несении службы государственными органами Республики Казахстан. Автор излагает собственное видение решения вопросов, связанных с особенностями административной деятельности органов полиции, ответственностью полицейских, а также теоретическими и прикладными аспектами гарантий защиты прав и свобод граждан.

Ключевые слова: полиция, органы внутренних органов, права и свободы граждан.

J.M. Begalieva

Some of the issues of civil rights and liberties of the Interior in the implementation of the law-enforcement bodies

In this paper, an example of the internal affairs bodies are considered separate issues of human rights and freedoms on duty at the state bodies of the Republic of Kazakhstan. The author presents a vision of their own deal with the peculiarities of the administrative activities of the police officers in charge of police, as well as the theoretical and applied aspects of safeguards to protect the rights and freedoms of citizens.

Keywords: Police, internal organs, human rights and freedoms.